

«Үй шаруашылықтарының борышы, гетерогендік және қаржылық тұрақтылық» зерттеу тақырыбы бойынша есепке аннотация

Зерттеудің мақсаты үй шаруашылықтарының гетерогендігін ескере отырып, үй шаруашылықтарының қаржылық жай-күйінің қаржылық тұрақтылыққа әсер ету арналарын айқындау болып табылады, үй шаруашылықтарының борыштық жүктемесіне әсер ететін негізгі әлеуметтік-экономикалық және демографиялық факторларды бөліп көрсету.

Міндеттері:

- 1) ҚР СЖРА ҰСБ үй шаруашылықтарын іріктемелі зерделеу негізінде қалыптастырылатын дезагрегацияланған деректерге қолжеткізу;
- 2) дерекқорды қалыптастыру (деректердің толықтығын, сапасын тексеру);
- 3) борыштық жүктемеге және міндеттемелерге қызмет көрсету қабілетіне үй шаруашылықтарының гетерогенділігінің әсерін (әртүрлі әлеуметтік-экономикалық және демографиялық сипаттамаларға) сандық бағалау;
- 4) үй шаруашылықтарының шамадан тыс борыштық жүктемесін айқындау үшін индикаторларды айқындау;
- 5) шектен тыс борыштық жүктемесі бар үй шаруашылығының портретін қалыптастыру (демографиялық сипаттамалар, шамадан тыс борыштық жүктемесі бар үй шаруашылықтарына тән қаржылық жағдайдың көрсеткіштері).

Зерттеу объектісі үй шаруашылықтарының қаржылық жай-күйінің қаржылық тұрақтылыққа ықпал ету арналарын әзірлеу болып табылады, бұл ретте үй шаруашылықтарының стресс-тестілеу құралы пайдаланылды. Макродеректерге қарағанда үй шаруашылықтарын іріктемелі зерттеу деректерін пайдалана отырып, үй шаруашылықтарын стресс-тестілеуде үй шаруашылықтарының гетерогендігін ескерілуі мүмкін және микро-деңгейде ықтимал банкроттық тетіктерін көрсету дұрыс болады. Бұл, демек, осалдығы дәрежесі бойынша үй шаруашылықтарының кластерлерін құруға көмектеседі. Зерттеудің қосымша мақсаты үй шаруашылықтарының әл-ауқатына және олардың борыштық міндеттемелеріне қызмет көрсету қабілетіне макроэкономикалық күтпеген өзгерістердің әсерін зерттеу болып табылады.

Әдіснамалық, теориялық және эмпирикалық базаға шығыс пен кіріс бойынша үй шаруашылықтарын зерттеу деректері негізінде Монте-Карло әдісін пайдалану енгізілді, шаруашылықтардың айырбастау бағамы, активтер бағасының өзгеруі, жұмыстан айырылу және кіріс төмендеуі сияқты бірқатар макроөлшемдердің күтілмеген өзгерісіне орнықтылығы зерттелді.

Қысқаша қорытындылар мен ұсынымдар:

1. Жоғарыда көрсетілген міндеттерді орындау шеңберінде зерттеу тобы әдебиетке шолу жүргізді, онда авторлар дәстүрлі түрде пайдаланылатын күтілмеген өзгеріс деп жұмысты жоғалтудан, пайыздық мөлшерлемелерді көтеруден, активтер бағасының өзгеруінен және аралас сценарийлерден орын алған күтілмеген өзгеріс болып табылатынын атап өтті. Қазақстанда кредиттер бойынша пайыздық мөлшерлеме белгіленген болып табылатынын ескерсек, онда пайыздық мөлшерлеменің өзгеруі үй шаруашылықтарының ағымдағы міндеттемелеріне әсер етпейді. Тиісінше, Қазақстан контекстінде мұндай күтілмеген өзгеріс іске асырылу ықтималдығы өте төмен.

2. Зерттеуде авторлар төрт стреттік сценарийді: айырбастау бағамының өзгеруін, жұмыссыздықтың өсуін, жылжымайтын мүлік бағасының өзгеруін және табыс төмендеуін, сондай-ақ аралас сценарийлерді талдады. Айырбастау бағамдарының өзгеруі үшін 10% және 50% құнсыздандудың екі сценарийі қаралды. Жұмыссыздықтың өсуі үшін жұмыссыздықты 1, 2 және 3% тармаққа ұлғаю сценарийлері қаралды. Активтердің бағасы өзгеруіне келетін болсақ, бағаның 10, 20 және 30% құлдырау жағдайлары қаралды. Табысын 30, 40 және 50% дейін жоғалтатын үй шаруашылықтарының 20% кездейсоқ іріктеу негізінде табыстың күтпеген өзгерісі келтірілді.

3. Зерттеу нәтижелері бойынша табыс жоғалған жағдайда неғұрлым көп әсер байқалды. EAD мәндері 0,35 базалық аралығымен салыстырғанда 0,45-тен 0,64-ке дейін өзгерді. Шамасы бойынша екінші ықпал деп жұмыссыздық өсуінен күтпеген өзгеріс байқалды, одан кейін ұлттық валютаның айтарлықтай құнсыздануы байқалады.

4. Борыш сапасын көрсететін EAD көрсеткішіне де ерекше назар аударған жөн. Бұл көрсеткіш базалық нұсқада 35% тең, бұл үй шаруашылықтарындағы қарыздың үштен біріне жуығы проблемалық болуы мүмкін екенін көрсетеді. Бұл әсіресе ауылдық жерлердегі қарыз алушыларға қатысты. Табыс 50%-дан астам құлдырауы кезінде ауылдық жерлерде борыш ықтимал қайтарымсыз болып табылады.

5. Жалпы алғанда LGD көрсеткіші жоғары емес болып табылады. Бұл қарыздың басым бөлігі үй шаруашылықтарының активтерімен ықтимал қамтамасыз етілгенін білдіреді. Базалық сценарийде LGD ауылдық жерлер үшін шамамен 4% және қалалық жерлер үшін 5% тең. Теріс күтпеген өзгеріс іске асырылған жағдайда, LGD табысының құлдырауы қалалық жерлер үшін шамамен 8%-ға дейін және ауылдық жерлер үшін 5%-ға дейін өседі. Жұмыссыздық деңгейінің 3 пайыздық тармаққа ұлғаюының теріс күтпеген өзгерісі іске асырылған жағдайда, LGD қалалық жерлер үшін шамамен 7%-ға дейін және ауылдық жерлер үшін 5%-ға дейін өседі. Демек, макроэкономикалық күтпеген өзгеріс іске асырылған кездің өзінде қарыздың аздаған бөлігі ғана мүлдем қайтарылмайды, яғни жылжымайтын мүлікпен қамтамасыз етілмеген болады.

Жетекші орындаушылар бойынша ақпарат

1. Зерттеу жетекшісі – Әлішер Алдашев, PhD
2. Жетекші орындаушы – Біржан Баткеев, PhD

Жетекші орындаушылардың зерттеу нәтижелері бойынша мақалаларды болжамды жариялауы туралы ақпарат

Қазақстан-Британ Техникалық Университетінің зерттеу тобы «Үй шаруашылықтарының борышы, гетерогендік және қаржылық тұрақтылық» зерттеу тақырыбы бойынша 2023 жылдың төртінші тоқсанына дейінгі мерзімде (қоса алғанда) Journal of Risk-те зерттеу нәтижелері бойынша мақаланы жариялауды жоспарлап отыр.

Бұл журнал рецензияланады және Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдардың тізбесіне кіреді.